Главный специалист – секретарь судебного заседания канцелярии районного и приравненного к ним суда: Усманова Анастасия Ал
Дата выдачи и время: 05.07.2023 21:24
Документ подписан судьей: Баженова Гульсулу Мырзагалиевна, код ключа: 05.07.2023 21:24

Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты

Специализированный межрайонный экономический суд области Жетісу

АТҚАРУ ПАРАҒЫ

№ 3313-23-00-2/510-1

Талдықорған қаласы, Абылайхан көшесі №116

Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты 25.05.2023 ж. талап қоюшы

Государственное учреждение "Аппарат акима Алакольского района"

(талапкерлердің Т.А.Ә)

Кунанбаев Айдын Асетович

(жауапкерлердің Т.А.Ә.)

Жауапкер «Кунанбаев А.А.» жеке кәсіпкерлігінің басшысы Айдын Асетович Кунанбаев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын. туралы

(орындалу нысанасы)

талап арызы бойынша азаматтық ісін қарап,

Шешім етті/Ұйғарым етті: Жауапкер «Кунанбаев А.А.» жеке кәсіпкерлігінің басшысы Айдын Асетович Кунанбаев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Шешімінің заңды күшіне енуі күні - 03.07.2023 жылы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 76-бабының 3-ші бөлігіне, Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 21-бабының екінші бөлігіне сәйкес заңды күшіне енген сот шешімдері, үйғарымдары, қаулыларымен бұйрықтары, сондай-ақ соттар мен судьялардың заңды өкімдері, талаптары, тапсырмалары, шақырулары мен басқа да жолданыстары барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, қоғамдық бірлестіктер, басқа да заңды тұлғалар, лауазымды адамдар мен азаматтар үшін бірдей міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында мүлтіксіз орындалуға тиіс. Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 241-бабының бірінші бөлігіне сәйкес шешім, дереу орындалатын жағдайлардан басқа, ол заңды күшіне енгеннен кейін, заңмен белгіленген тәртіп бойынша орындалады. Дереу орындауға жататын сот шешімдері Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 243-бабында көрсетілген.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 128-бабына сәйкес сот орындаушысының заңды талаптары барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін өзі басқару органдары, азаматтар

Ақпараттық жүйе "Торелик", жүйе версиясы 1.0

мен ұйымдар үшін міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында мүлтіксі орындалуға тиіс.

Осы атқару парағының негізінде **Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты жылы** осыған қатысты барлық лауазымды адамдар мен азаматтарды, сот ШЕШІМІН уақытылы және дәл орындауды міндеттейді.

Барлық мемлекеттік және лауазымды адамдар сот шешімін орындау кезінде сот орындаушысына көмек көрсетуге міндетті.

Атқару парағы аса маңызды құжаттар есебінде сақталуға жатады: тапсырыс хатпен жолданады, жауапкердің қолына берілмейді, жауапкер жұмыс орнынан босатылған жағдайда атқару парағын кәсіпорынның әкімшілігі сот орындаушысына кері қайтарады немесе оның жазбаша сұранысы бойынша беріледі.

Өндірушінің толық атауы және мекенжайы:

Өндірушінің Т.А.Ә., оның тұрғылықты немесе орналасқан жері (мекенжайы), оның тұрғылықты жері бойынша тіркелуі және салық төлеушінің нөмері (егер өндіруші заңды тұлға болса, оның атауы, нақты орналасқан жері немесе бірыңғай мемлекеттік регистрінен мәлімет, банк реквизиттері және салық төлеушінің тіркеу нөмері)

Компаниянын атауы: Государственное учреждение "Аппарат акима Алакольского района"

БСН: 001240003003

Тіркеу мерзімі:11.12.2000

Меншік нысаны: Мемлекеттік меншік

Банк реквизиттері: "Қазақстан Халық банкі" АҚ , -

Нақты менкенжайы: ҚАЗАҚСТАН, АЛМАТЫ, АЛАКӨЛ АУДАНЫ, Ушарал, Конаева 74

Заңды менкенжайы: ҚАЗАҚСТАН, АЛМАТЫ, АЛАКӨЛ АУДАНЫ, Ушарал, Конаева 74

Жауапкердің толық атауы және мекенжайы

Жауапкердің Т.А.Ә., оның тұрғылықты немесе орналасқан жері (мекенжайы), оның тұрғылықты жері бойынша тіркелуі және салық төлеушінің нөмері (егер жауапкер заңды тұлға болса, оның атауы, нақты орналасқан жері немесе бірыңғай мемлекеттік регистрінен мәлімет, банк реквизиттері және салық төлеушінің тіркеу нөмері)

Т.А.Ә.: Кунанбаев Айдын Асетович

Туған жылы: 17.01.1987

ЖСН: 870117301460

Туған жері: КАЗАХСТАН, В-КАЗАХСТАНСКАЯ, УРДЖАРСКИЙ РАЙОН

Құжаттың нөмірі 050709059

Берілген күні 12.05.2022 жылы ҚР ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

Заңды мекенжайы: ҚАЗАҚСТАН, ЖЕТІСУ, САРҚАН АУДАНЫ, Саркан, УЛИЦА Қабанбай Батыр 24, кв.44

Нақты менкенжайы: ҚАЗАҚСТАН, ЖЕТІСУ, САРҚАН АУДАНЫ, Саркан, УЛИЦА Қабанбай Батыр 24, кв.44

Главный специалист – секретарь судебного заседания канцелярии районного и приравненного к ним суда: Усманова Анастасия Ал
Аудандық және оған теңестірілген соттың судьясы: Башенова Гульсулу Мырзагалиевна, қол уақыты: 05.07.2023 21:24

Аудандық және оған теңестірілген соттың судьясы Башенова Гульсулу Мырзагалиевна

Аудандық және оған теңестірілген сот кеңсесінің бас маманы - сот отырысының хатшысы Усманова Анастасия Алишеровна

Шығарылу күні 05.07.2023 жыл



Ақпараттық жүйе "Төрелік", жүйе версиясы 1.0

Аткару парағы тігілді және
нөмірленді 1 бетте

Судья Башенова Г.М.

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2023 жылғы 25 мамыр № 3313-22-00-2/510 - Іс Талдықорған қаласы

Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Г.М.Башенова,
сот отырысының хатшысы А.Кусайнованы ала отырып,
ашық сот отырысында қойылған талаптар бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Алакөл ауданы әкім аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Кунанбаев А.А.» жеке кәсіпкерлігінің басшысы Кунанбаев Айдын Асетович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАР:
Прокурор С.Жабайханова
Талап қоюшының өкілі - Р.Омарбекова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ

2023 жылғы 08 ақпандағы № 9155548-ЭЦП1 «Бағалы ұсыныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алуды қорытынды хаттамасы негізінде, «Кунанбаев А.А.» жеке кәсіпкерлігінің басшысы Кунанбаев Айдын Асетович жеңімпаз болып танылды. «Алакөл ауданы әкім аппараты» мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі -талапкер) «Кунанбаев А.А.» ЖК арасында, 2023 жылы ақпан айының 17 күнгі жалпы құны 1 637 000,0 теңге мемлекеттік сатып алу туралы №3 санды шарты жасалды.

Шарттың мәні: Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі үшін турникет орнатумен Е- қызмет ақпараттық жүйесін интеграциялау сервисімен қол жеткізу бақылау және басқару жүйесін (Жббж) орнату.

Шарттың жалпы сомасы 1 637 000 теңгені құрайды.

Шарттың 3.1. тармағына сәйкес, шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін толық және тиесілі орындалуына қамтамасыз етуге мақсатында, 24 ақпан 2023 жылы өнім беруші 49110 теңгені төледі.

Шарттың 1-қосымшасында көрсетілген, шарттың орындалу мерзімі - шарт Қазынашылық комитетінің органында тіркелген сәттен бастап 30 күнтізбелік күн. Шарт 17.02.2023 жылы Қазынашылық комитетінің органынан тіркеуден өтті.

Шарттың аяқталу мерзімі 17 наурыз 2023 жыл.

Көрсетілген қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттың техникалық сипаттамасын сәйкес, тапсырыс берушінің кіруін бақылау және басқару жүйесін ұйымдастыру және оны Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істер агенттігінің «Е-қызмет» АЖ-мен интеграциялау алайда жауапкер көрсетілген міндеттемелерін орындамады.

Жауапкер келісім шартта бойынша көрсетілген міндеттемені орындау жөнінде веб- портал арқылы оған 2023 жылы 31 наурызға дейін қосымша мерзім беру туралы хабарлама жолданған.

07.04.2023 жылы №72-02-21/498 -И жауапкерге талап арыз беретіндігі жөнінде хабарлама жолданды.

Шарттың 7.3. бөлігіне сәйкес, қызмет көрсету мерзімдерін өткізіп алған жағдайда тапсырыс беруші өнімберушіден міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1 мөлшерінде тұрақсыздық айбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады, (өндіріп алады) немесе міндетемелерін тиісінше орындалмаған (ішнара орындалмаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелерін сомасынан 0,1 мөлшерінде тұрақсыздық айыбын жағдайда орындалмаған міндеттемелерін сомасын 0,1 мөлшерінде тұрақсыздық айыбын ұстап қалады деп көрсетілген.

Талап қоюшы мемлекеттік сатып алу қорытындысы бойынша жауапкермен шартқа тұрғанын, оның міндеттерін орындамағын көрсетіп сотқа жүгініп, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды және жеке кәсіпкер міндеттемелерін толық орындамауына байланысты жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және 18007 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады. Келісім шарт бойынша мерзімі өткен бір күндік өтемақақысының мөлшері 1637,0 теңге, барлығы 11 күн мерзім өткізген. 11 күн Х 1637,0=18007 теңге.

Жауапкер пікір бермеді.

Сот отырысына талап қоюшының өкілі талапты қолдап оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі сот отырысында талап арызды мойындамай 98 пайыз жұмыстарды аяқтағанын және нақты тұрақсыздық айыбын толеуге дайынын көрсетті

Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде

хабарландырылған іске қатысатын жауапкердің өкілі қайсыбірі келмеген келмеу себептері дәлелденбеген.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 196-шы бабына сәйкес сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған іске қатысатын тұлғалардың қайсыбірі келмеген жағдайда, егер олардың келмеу себептері дәлелсіз деп танылса, сот істі қарауға құқылы.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 359-шы бабына сай борышқор кінәлі болған кезде, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап береді. Егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының 12-ші бабының 4-ші бөлігінің 3-ші тармағына сай, жеңімпаздар деп айқындалған, мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындаудан жалтарған әлеуетті өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіміне енгізіледі.

Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Заңды бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап отыз күнтізбелік күнінен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 Нормативтік қаулысының 3 тармағына сәйкесәлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат беру фактісін анықтаған органдар, тапсырыс беруші Заңның 12-бабының 4-тармағында көзделген жағдайда, әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен Заңда белгіленген мерзімдерде сотқа жүгінуге міндетті.

Мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы

болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы). Сонымен катар мемлекеттік сатып алу туралы шарт тараптарының жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде жасаған қосымша келісімдері де соттардың бағалауына жатады.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкер шарттар бойынша өзіне алған міндеттемені толығымен орындамаған. Әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен заңда белгіленген мерзімдерде сотқа жүгінуге міндетті. Жоғарыда аталған негіздерге сай, талап қоюшы қанағаттандырылуға жатады.

№2 талап бойынша

Заңының 43 бабы 24 тармағына сәйкес, өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алуды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272-ші бабына сай, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Сондай-ақ, АК-тің 277-ші бабының 1-ші бөлігіне сай, егер міндеттемеде ол орындалатын күні немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) тиісті бюджет, мемлекеттік кәсіпорын, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлға немесе олармен үлестес заңды тұлғалар кірісінің есебіне жатқызылады.

Талап қоюшы жауапкерден шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 117-шы бабына сай, жауапкерден мемелекет пайдасына мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарының талаптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШТІ :

Талап қоюшы «Алакөл ауданы әкім аппараты» мемлекеттік мекемесі жауапкер «Кунанбаев А.А.» жеке кәсіпкерлігінің басшысы Айдын Асетович Кунанбаевке мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп

тану және тұраксыздық айыбын өндіру туралы талап арызы - қанағаттандырырылсын.

Жауапкер «Кунанбаев А.А.» жеке кәсіпкерлігінің басшысы Айдын Асетович Кунанбаев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Кунанбаев А.А.» жеке кәсіпкерлігінің басшысы Айдын Асетович Кунанбаевтен мемлекеттік пайдасына 18 007 (он сегіз мың жеті) тенге тұраксыздық айыбы, 540 (бес жүз қырық) тенге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге риза болмаған жағдайда тараптар Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Жетісу облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья Башенова Г.М.

Көшірмесі дұрыс

Судья Башенова Г.М.

Анықтама: Шешім заңды күшіне енген жоқ «1» 06 2023жыл

Судья Башенова Г.М.

Анықтама: Шешім заңды күшіне енді «__» 09 2023жыл

Судья Башенова Г.М.

Шешім тігілді және нөмірленді
бетте

Судья Башенова Г.М